

"Автокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1999 жылғы 22 қарашадағы N 587 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 2000 жылғы 30 қазан N 571. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 4 қаңтар N 1349 тіркелді. Бұйрықтың күші жойылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 8 маусымдағы N 263 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 8 маусымдағы N 263 бұйрығымен .

Автокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізуді жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. "Автокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1999 жылғы 22 қарашадағы N 587 бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасындағы автокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібінде,

9-тармақ мынадай сөздермен толықтырылсын: "сондай-ақ көлік құралдары мен оларға тіркемелерді техникалық байқау алдындағы техникалық жағдайын диагностикалық үшін алынатын ақының ең төменгі мөлшері".

2. Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

3. Ішкі істер министрінің Жол полициясы департаменті (Қ.Т. Тоқсайтов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде белгіленген тәртіппен тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтардың орындалуын бақылау Ішкі істер вице-министрі полиция генерал-майоры И.И. Оттоға жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі -
Ішкі әскерлер қолбасшысы

генерал-лейтенант

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК